

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

Жезқазған қаласы

04.12.2025жыл



«Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында шараларды іске асыру және бюджеттік қаражатты пайдалану сараптамалық - талдау іс-шарасы бойынша САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

*Сараптамалық-талдау іс-шарасы
2025 жылға арналған Тексеру комиссияның
жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.
Талдау іс-шарасының нәтижелері
Тексеру комиссияның сараптамалық пікірін
білдіреді және ол Тексеру комиссия
материалдарын, Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық актілерін,
«Ауыл — Ел бесігі» жобасы аясындағы
бағдарламалық құжаттарды, сондай-ақ
уәкілетті органдарға жіберілген сұраулар мен
өзге де ресми ақпарат көздерін
талдау нәтижелеріне негізделген.*

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе бөлім	3
2. Талдау бөлімі	
2.1 Облыс бойынша	3-7
2.2 Жаңаарқа ауданы	7-11
2.3 Ұлытау ауданы	11-16
3. Қарар бөлігі	
3.1 Қорытынды.....	16-17
3.2 Ұсынымдар.....	17-18
Қосымша.....	19-22



I. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Жезқазған қаласы

4 желтоқсан 2025 жыл

Іс-шараны өткізу негіздемелері: Сараптамалық - талдау іс-шарасы 2025 жылға арналған Ұлытау облысы бойынша тексеру комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес, сараптамалық-талдау іс-шара объектілеріне шықпай, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының эксперттік-аналитикалық іс-шараларын жүргізуге арналған процедуралық стандарт талаптарына сәйкес (Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының эксперттік-аналитикалық іс-шараларын өткізуге арналған Процедуралық стандарт №903), Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау бойынша Есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген.

Іс-шарамен қамтылған объектілер: «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ (ары қарай – Басқарма).

Сараптамалық-талдау іс-шараның тақырыбы: «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында шараларды іске асыру және бюджеттік қаражатты пайдалану

Сараптамалық-талдау іс-шараның мақсаты: "Ауыл-ел бесігі" жобасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін талдау және бағалау.

Сараптамалық-талдау іс-шараның мәселелері:

«Ауыл-Ел бесігі» арнайы жобасының іс-шараларын (жобаларын) Ұлытау облысында жүзеге асыруды талдау

Талдау кезеңі: 2022 – 2024 жылдар және 2025 жылдың 9 айына

Сараптамалық-талдау іс-шара нысанасының ағымдағы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер:

Макроэкономикалық талдау – жұмыс нәтижелерін (қызметін) бағалауға, мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді (статистикалық және басқа деректерді) талдау

Факторлық талдау – нәтижеге әсер етуі мүмкін әртүрлі айнымалыларды және олардың арасындағы өзара байланыстарды зерттеуге негізделген кешенді статистикалық әдіс

«Ақпарат пен нақты деректерді – дәлелдерді жинау (Жаңаарқа және Ұлытау аудандарының экономика және қаржы бөлімдерінің статистикалық деректері, мониторинг деректері, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің деректері – экономика, құрылыс, мәдениет, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары)



II. ТАЛДАУ БӨЛІМІ

2.1 Облыс бойынша

«Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарына сәйкес, оның ішінде (Ұлттық басымдық 10. Теңдестірілген аймақтық даму) жаңа даму моделі анықталды, ол өңірлердің әлеуетін тиімді пайдалану, олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, тәуелсіздік пен жауапкершілікті нығайту, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға негізделген»

«Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №729 қаулысымен бекітілген «Күшті өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының 2021-2025 жылдарға арналған мақсаты – тұрғындардың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайларды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ көлік байланысын қамтамасыз ету және елдің көлік-транзиттік әлеуетін арттыру арқылы азаматтар үшін жайлы өмір сүру ортасын құру»

Аймақтық проблемаларды шешудің бір құралдарының бірі – «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы

2019 жылдан бастап «Аймақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасы» аясында (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №990 қаулысы*) «3. Ауылдық елді мекендерді дамыту» бағыты бойынша жүзеге асырылып келе жатқан «Ауыл – Ел бесігі» жобасының негізгі мақсаты – ауылдағы өмір сапасын жақсарту, ауылдық аймақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту және оларды аймақтық стандарттар жүйесінің параметрлеріне жеткізу.

Жоба аясында ауылдық аймақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту мен жақсарту, ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру, ауыл тұрғындарының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру және өмір сүруге қолайлы орта қалыптастыру міндеттері белгіленген.

Жобаны іске асыру, ең алдымен, аудан орталықтарын қоса алғанда, тірек елді мекендерді дамытуға бағытталған.

Тірек ауылдық елді мекендер (екі санатқа бөлінеді: функционалды қалалық аудан құрамына кіретін ауылдар; функционалды қалалық ауданнан тыс даму әлеуеті бар ауылдар) – көлік байланысы бар және әлеуметтік игіліктер мен қызметтер көрсететін, оның ішінде 10-15 км радиуста спутниктік ауылдар тұрғындары үшін инфрақұрылымы дамыған абаттандырылған елді мекендер.

Жалпы алғанда, «Ауыл – Ел бесігі» жобасын функционалды қалалық аудан құрамына кіретін және кірмейтін ауылдық елді мекендер бойынша іске асыру үш негізгі бағытта қарастырылған:

- ауылдық аймақтарды жаңғырту;



- агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту;
- қоғамның ауылға көзқарасын өзгертуге және ауылдағы адам еңбегінің жоғары мәртебесін тануға бағытталған қоғамдық сананы жаңғырту.

«Ауыл - Ел бесігі» жобасы бойынша келесідей іс-шараларды іске асыруды көздейді

1) ТКШ нысандарын (су жабдықтау, кәріз жүйелері, газ, жылу және электрмен жабдықтау жүйелері) күрделі және орташа жөндеу;

2) Әлеуметтік-мәдени нысандарды (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт нысандары) күрделі және орташа жөндеу;

3) Инженерлік-көлік инфрақұрылымын (ауылышілік және ауыларалық жолдар, қосалқы жолдар) күрделі және орташа жөндеу;

4) Су, жылу, газ және электрмен жабдықтау құралдары мен желілерін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау және білім беру нысандарын салу және қайта құру.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында елде 1 173 тірек және 2 388 спутниктік ауыл анықталған, онда ел халқының 90% - ға жуығы тұрады.

Ұлытау облысы әкімінің 2025 жылғы 10 маусымдағы №48/03 ««Ұлытау облысының даму әлеуеті бар (тірек және спутниктік ауылдық елді мекендерді қоса алғанда) ауылдардың тізбесін бекіту туралы» Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қарашадағы №62/03 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысына сәйкес Ұлытау облысында 25 тірек және спутниктік ауылдық елді мекендер бар (тірек -19, спутниктік – 6), онда жалпы 38 773 адам тұрады, оның ішінде:

- Жаңаарқа ауданында – 17 (тірек – 12, Спутник – 5);
- Ұлытау ауданында – 6 (тірек);
- Жезқазған қаласында – 2 (тірек-1, Спутник – 1).

«Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыру үшін облыс ауылы елді мекендерін іріктеу кезінде әкімшілік мәртебесі, даму перспективалары, халық саны және олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін сипаттайтын басқа да көрсеткіштер ескерілген

2022-2025 жылдарға Ұлытау облысында 17 ауылдық елді мекенде (барлық санының 68%-ы) жүзеге асыру үшін жалпы сомасы 13 522 587,2 мың теңге болатын 40 жоба қабылданған, оның ішінде 2025 жылғы 1 қазан жағдайы бойынша барлығы 9 678 458,6 мың теңге немесе 71,6%-ы игерілген (2025 жылы – 2 943 237,4 мың теңге).

2022 жылы – 5 ауылдық елді мекенде 5 жоба, оның барлығы келесі кезеңге өтетін жоба болып табылады. Жалпы қаржыландыру сомасы – 492 759,1 мың теңге.

2023 жылы 12 АЕМ - де 19 жоба іске асырылды (4 ауыспалы жобаны қоса алғанда), жалпы қаржыландыру көлемі-2 953 730,1 мың теңге.

2024 жылы жалпы сомасы 3 767 239,0 мың теңгені құрайтын 12 АЕМ-де 17 жоба (қоса алғанда 9 ауыспалы жоба) іске асырылды.

2025 жылы жалпы сомасы 6 308 859,0 мың теңгені құрайтын 10 АЕМ-де 15 жаңа жобаны (10 ауыспалы жобаны қоса алғанда) іске асыру жоспарланған.

Жобаларды қаржыландыру көздері – Ұлттық қор қаражаттары, сондай-ақ әр деңгейдегі бюджеттер: республикалық, облыстық, аудандық және төртінші деңгейлі бюджеттер

мың теңге

Жыл	Барлығы (жоспар)	Оның ішінде:				Игерілгені
		ҰҚ	РБ	ОБ	ЖБ	
2022	492 759,1	488 211,1	0	0	4 548,0	362 859,5
2023	2 953 730,1	981 091,0	570 145,4	1 352 406,0	50 087,7	2 767 239,8
2024	3 767 239,0	238 234,0	1 550 000,0	1 652 308,0	326 697,0	3 605 121,9
2025	6 308 859,0	1 990 254,0	2 085 996,0	1 615 587,0	617 022,0	2 943 237,4
Қорытынды:	13 522 587,2	3 697 790,1	4 206 141,4	4 620 301,0	998 354,7	9 678 458,6

Бағыттар бойынша жоспарланғаны:

- *Су жабдықтау және кәріз жүйелерінің, жылу, газ, электрмен жабдықтау құралдары мен желілерінің, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау және білім беру нысандарының құрылысы және қайта құрылуы:*

2022 жылы 5 жоба, оның ішінде барлығы 2023 жылға ауыспалы болып табылады, жалпы сомасы 492 759,1 мың теңге және игеру 362 859,5 мың теңгені немесе 73,6 % құрады;

2023 жылы 7 жоба, оның ішінде 2024-2025 жылдарға ауысатын 3 жоба 1 750 910,4 мың теңге сомасына және игеру 1 634 911,4 мың теңгені немесе 93,3% құрады;

2024 жылы 5 жоба олардың барлығы 2025-2026 жылдарға 2 436 583,0 мың теңге сомасына ауыспалы болып табылады және игеру 2 421 388,9 мың теңгені немесе 99,4 % құрады;

2025 жылы 8 жобаны іске асыру жоспарланған, оның ішінде 4 жоба 2026 жылға ауыспалы болып табылады, жалпы сомасы 5 563 323,9 мың теңге және игеру 2 366 991,9 мың теңгені немесе 42,5% құрады.

- *білім берудің әлеуметтік-мәдени объектілерін күрделі және орташа жөндеу:*

2023 жылы «Ұлытау ауданы Қарсақпай кентіндегі мәдениет үйін күрделі жөндеу» жобасы 122 845,7 мың теңге сомасында іске асырылды және оны игеру 117 047,4 мың теңгені немесе 95,3% құрады.

- *инженерлік-көлік инфрақұрылымын орташа жөндеу (кентішілік және ауылышілік жолдар, кірме жолдар):*

2023 жылы жалпы сомасы 1 079 974,0 мың теңгеге 11 жоба іске асырылды және игеру 1 015 281,0 мың теңгені немесе 94% құрады;

2024 жылы 1 330 656,0 мың теңге сомасында 12 жоба іске асырылды және игеру 1 183 733,0 мың теңгені немесе 89% құрады;

2025 жылы 745 535,1 мың теңге сомасында 7 жоба іске асырылуда және игеру 576 245,5 мың теңгені немесе 77,3% құрады.

Облыс аудандары бойынша:

2.2 Жаңаарқа ауданы

11 ауылдық елді мекенде жүзеге асыру үшін 20 жоба қабылданған:

2022 жылы – 3 жоба, барлығы 2023-2025 жылдарға ауыспалы, жалпы сомасы 278 413,0 мың теңге (ҰҚ – 273 865 мың теңге, ЖБ – 4 548,0 мың теңге);

2023 жылы – 10 жоба (оның 3 жобасы 2024-2025 жылдарға ауыспалы) жалпы сомасы 1 170 547,0 мың теңге (РБ – 472 492,0 мың теңге, ОБ – 672 505,0 мың теңге, ЖБ – 25 550,0 мың теңге);

2024 жылы – 9 жоба, жалпы сомасы 2 094 479,0 мың теңге (ҰҚ – 100 000,0 мың теңге, РБ – 1 090 000,0 мың теңге, ОБ – 762 107,0 мың теңге, ЖБ – 142 372,0 мың теңге);

2025 жылы – 8 жоба, жалпы сомасы 3 704 969,0 мың теңге (ҰҚ – 1 623 224,0 мың теңге, РБ – 1 250 000,0 мың теңге, ОБ – 349 544,0 мың теңге, ЖБ – 482 201,0 мың теңге)»

2022 жылы 3 жобаны іске асыруға 278 413,0 мың теңге сомасында қаражат бөлінді, оның ішінде барлық жобалар 2023-2025 жылдарға ауыспалы болып табылады, орындалуы 246 166,8 мың теңгені немесе 88,4% құрады. Жобаларды іске асыру барысында 14 уақытша жұмыс орны құрылды.

Денсаулық сақтау саласында – 2 жоба:

1. Жаңаарқа ауданы Байдалыби ауылдық округінде 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы» жоспары 41 415,9 мың теңге, игерілгені – 25 311,2 мың теңге немесе 61,1%. Игерілмеген қаражат – 16 104,7 мың теңге. Нысан 2023 жылға ауыспалы. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Жаңаарқа ауданының Бидайық а.о. бір ауысымда 25 келушіге арналған фельдшерлік-акушерлік пункт салу» жоспары бойынша 78 362,1 мың теңге, 66 066,8 мың теңге немесе 84,3% игерілді. Игерілмеген қаражат-12 295,3 мың теңге. Нысан 2023 жылға ауысады. Іске асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылды.

Спорт саласында - 1 жоба:

«Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жоспары 158 635,0 мың теңге, 154 788,8 мың теңге немесе 97,6% игерілді. Игерілмеген қаражат-3 846,2 мың теңге. Нысан 2023-2025 жылдарға ауысады. Іске асыру барысында 6 уақытша жұмыс орны құрылды.

2023 жылы 3 жалғасып келе жатқан жоба мен 7 жаңа жобаны іске асыруға 1 170 547,0 мың теңге қаражат бөлінді, оның орындалуы 1 100 019,6 мың теңге немесе 94% болды. Жобаларды жүзеге асыру барысында 84 уақытша жұмыс орны құрылған.

Денсаулық сақтау саласында – 2022 жылдан бері жалғасып келе жатқан 2 жоба:

«Жаңаарқа ауданы Байдалыби ауылдық округінде 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы» жоспары 115 231,7 мың теңге, игерілгені 72 727,9 мың теңге немесе 63,1%. Игерілмеген қаражат – 42 503,7 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

«Жаңаарқа ауданы Бидайық ауылдық округінде 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы» жоспары 72 603,3 мың теңге, игерілгені 44 579,7 мың теңге немесе 61,4%. Игерілмеген қаражат – 28 023,6 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

Спорт саласында – 2022 жылдан бері жалғасып келе жатқан 1 жоба:

Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» жоспары 471 498,0 мың теңге, игерілуі – 100%. Нысан 2022 жылдан 2025 жылға дейін жүзеге асырылуда. Жобаны іске асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

Жол саласы бойынша – 7 жоба:

1. «Ынтымак ауылындағы С.Сейфуллин, Иманак, Жеңіс, Саябак көшелерінің ауылышілік автожолдарын орташа жөндеу» жоспары 65 000,0 мың теңге, игерілгені 64 944,0 мың теңге немесе 99,9%. Жобаны іске асыру барысында 9 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Ералиев ауылындағы Алибаев, Мектеп көшелерінің ауылышілік автожолдарын орташа жөндеу» жоспары 54 000,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 10 уақытша жұмыс орны құрылған.

3. «Ералиев ауылындағы Торебутак, Ералиев, Жастар және Шығыс көшелерінің ауылышілік автожолдарын орташа жөндеу» жоспары 109 998,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 15 уақытша жұмыс орны құрылған.

4. «Ынталы ауылындағы 5 көшенің ауылышілік автожолдарын орташа жөндеу» жоспары 60 000,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 17 уақытша жұмыс орны құрылған.

5. «Байдалыбий ауылдық округі Атасу ауылындағы ауылышілік автожолдарды орташа жөндеу, 5 км» жоспары 109 329,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 6 уақытша жұмыс орны құрылған.

6. «Байдалыбий ауылдық округі Атасу ауылына қосалқы жолды орташа жөндеу, 0,6 км» жоспары 11 712,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 5 уақытша жұмыс орны құрылған.



7. «Ақтайлак ауылындағы ауылішілік автожолдарды орташа жөндеу, 3 км» жоспары 101 175,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 10 уақытша жұмыс орны құрылған.

2024 жылы жалғасып жатқан 1 жобаны және 8 жаңа жобаны іске асыруға 2 094 479,0 мың теңге сомасында қаражат бөлінді, орындалуы 2 071 508,5 мың теңгені немесе 98,9% құрады. Жобаларды іске асыру барысында 23 уақытша жұмыс орны құрылды.

Спорт саласында – 2022 жылдан бері жалғасып келе жатқан 1 жоба:

«Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» жоспары 320 923,0 мың теңге, игерілгені 305 885,6 мың теңге немесе 95,3%. Нысан 2022 жылдан 2025 жылға дейін жалғасып отыр. Игерілмеген қаражат – 15 037,4 мың теңге. Жобаны іске асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

Электрмен жабдықтау саласында – 2 жоба:

«Жаңаарқа ауданы Ералиев ауылдық округінде электр желілерін салу» жоспары 200 000,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жоба 2025 жылға ауыспалы. Жобаны іске асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

«Жаңаарқа ауданы Жаңаарқа кентінде электр желілерін салу» жоспары 732 063,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жоба 2025-2026 жылдарға ауыспалы. Жобаны іске асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған

Жол саласында – 6 жоба:

«Ынтыалы ауылындағы ауылішілік жолдарды орташа жөндеу» жоспары 128 187,0 мың теңге, игерілгені 122 670,4 мың теңге немесе 95,7%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша үнемделген қаражат – 5 516,6 мың теңге. Жобаны іске асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

«Ақтау ауылындағы Кенесары және Жібек жолы көшелерінің ауылішілік жолдарын орташа жөндеу» жоспары 111 445,0 мың теңге, игерілгені 111 443,6 мың теңге немесе 99,9%. Жобаны іске асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.

«Түгіскен ауылындағы Даулетбеков, Жұмабеков, Аймұханов және Ысқақов көшелерінің ауылішілік жолдарын орташа жөндеу» жоспары 204 354,0 мың теңге, игерілгені 204 353,8 мың теңге немесе 99,9%. Жобаны іске асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған. Жоба аяқталған.

4. «Қызылжар кентіндегі Аймұханов, Ералиев, Сагинтаев, Үсенов, Бейбітшілік көшелерінің ауылішілік жолдарын орташа жөндеу» жоспары 129 921,0 мың теңге, игерілгені 127 507,4 мың теңге немесе 98,1%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша үнемделген қаражат – 2 413,6 мың теңге. Жобаны іске асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

5. «Бидайық ауылындағы Тәуелсіздік көшесінің ауылішілік жолдарын орташа жөндеу» жоспары 91 171,0 мың теңге, игерілгені 91 170,6 мың теңге немесе 99,9%. Жобаны іске асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.



6. «Ералиев ауылындағы Шығыс, Батыс, Тәуелсіздік, Жастар және О.Әлібаев көшелерінің ауылыштық жолдарын орташа жөндеу» жоспары 176 415,0 мың теңге, игерілгені 176 414,1 мың теңге немесе 99,9%. Жобаны іске асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.

2025 жылы 3 жалғасып келе жатқан жоба мен 5 жаңа жобаны іске асыруға 3 704 969,0 мың теңге қаражат бөлінді, оның орындалуы 2 097 927,0 мың теңге немесе 56,6% болды. Жобаларды жүзеге асыру барысында 45 уақытша жұмыс орны құрылған.

Спорт саласында – 2022 жылдан бері жалғасып келе жатқан 1 жоба:

Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» жоспары 299 350,0 мың теңге, 2025 жылғы 1 қазан жағдайы бойынша игерілгені 188 305,0 мың теңге немесе 62,9%. Жобаны іске асыру барысында 25 уақытша жұмыс орны құрылған.

Электрмен жабдықтау саласында – 4 жоба, оның ішінде 2 жоба 2024 жылдан бері жалғасып келе жатқан:

1. «Жаңаарқа ауданы Ералиев ауылдық округінде электр желілерін салу» жоспары 686 868,0 мың теңге, 2025 жылғы 1 қазан жағдайы бойынша игерілгені 387 115,0 мың теңге немесе 56,4%. Жобаны іске асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Жаңаарқа ауданы Жаңаарқа кентінде электр желілерін салу» жоспары 1 119 207,0 мың теңге, 2025 жылғы 1 қазан жағдайы бойынша игерілгені 813 638,0 мың теңге немесе 72,7%. Жоба 2026 жылға ауыспалы. Жобаны іске асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.

3. «Жаңаарқа ауданы Ақтубек ауылдық округінде электр желілерін салу» жоспары 750 000,0 мың теңге, 2025 жылғы 1 қазан жағдайы бойынша игерілгені 215 595,0 мың теңге немесе 28,7%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінде үнемделген қаражат 1 қазан 2025 жылғы жағдай бойынша 23 015,3 мың теңгені құрайды. Жоба 2026 жылға ауыспалы. Жобаны іске асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

4. «Жаңаарқа ауданы Сейфуллин ауылдық округінде электр желілерін салу» жоспары 500 000,0 мың теңге, 2025 жылғы 1 қазан жағдайы бойынша игерілгені 143 730,0 мың теңге немесе 28,7%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінде үнемделген қаражат 1 қазан 2025 жылғы жағдай бойынша 14 616,9 мың теңгені құрайды. Жоба 2026 жылға ауыспалы. Жобаны іске асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

Жол саласында – 3 жоба:

1. «Түгіскен ауылындағы Аймұханов көшесінің ауылыштық жолдарын орташа жөндеу» жоспары 42 470,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 5 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Қызылжар кентіндегі Ералиев, Үсенов, Бейбітшілік, Байдаулетов және Тәуелсіздік көшелерінің ауылыштық жолдарын орташа жөндеу» жоспары



179 540,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 7 уақытша жұмыс орны құрылған.

3. «Байдалы би ауылдық округіндегі Тәуелсіздік, Достық және Сейфуллин көшелерінің ауылшілік жолдарын орташа жөндеу» жоспары 127 534,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны іске асыру барысында 8 уақытша жұмыс орны құрылған

2.3. Ұлытау ауданы

6 АЕМ іске асыруға 20 жоба қабылданды:

2022 жылы – 2 жоба, оның барлығы 2023 жылға ауыспалы, жалпы сомасы 214 346,1 мың теңге (ҰҚ);

2023 жылы – 9 жоба (оның ішінде 1 жоба 2024-2025 жылдарға ауыспалы) жалпы сомасы 1 783 183,1 мың теңге (ҰҚ – 981 091,0 мың теңге, РБ – 97 653,4 мың теңге, ОБ – 581 593,0 мың теңге, ЖБ – 122 845,7 мың теңге);

2024 жылы – 8 жоба (оның ішінде 3 жоба 2025 жылға ауыспалы) жалпы сомасы 1 672 760,0 мың теңге (ҰҚ – 138 234,0 мың теңге, РБ – 460 000,0 мың теңге, ОБ – 890 201,0 мың теңге, ЖБ – 184 325,0 мың теңге);

2025 жылы – 7 жоба, жалпы сомасы 2 603 890,0 мың теңге (ҰҚ – 367 030,0 мың теңге, РБ – 835 996,0 мың теңге, ОБ – 1 266 043,0 мың теңге, ЖБ – 134 821,0 мың теңге).

2022 жылы 2 жобаны іске асыруға 214 346,1 мың теңге сомасында қаражат бөлінді, орындалуы 116 692,7 мың теңгені немесе 54,4% - құрады. Жобаларды іске асыру барысында 8 уақытша жұмыс орны құрылды.

Денсаулық сақтау саласында – 2 жоба:

«Ұлытау ауданы Сарысу ауылында ауысымына 25 адамға фельдшерлік-акушерлік пунктін салу» жоспары 106 289,0 мың теңге, игерілгені 57 755,8 мың теңге немесе 54,3%. Игерілмеген қаражат – 48 533,2 мың теңге. Жоба 2023 жылға ауыспалы. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

«Ұлытау ауданы Қаракенгир ауылында ауысымына 25 адамға фельдшерлік-акушерлік пунктін салу» жоспары 108 057,1 мың теңге, игерілгені 58 936,9 мың теңге немесе 54,5%. Игерілмеген қаражат – 49 120,2 мың теңге. Жоба 2023 жылға ауыспалы. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған

2023 жылы жалғасып жатқан 2 жобаны және 7 жаңа жобаны іске асыруға 1 783 183,1 мың теңге сомасында қаражат бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша – 1 567 686,9 мың теңге немесе 87,9% игерілді. 9 жобаны іске асыру барысында 11 жұмыс орны құрылды.

Денсаулық сақтау саласында 2022 жылдан 2 ауыспалы жоба және 1 жаңа жоба:

1. «Ұлытау ауданы Сарысу ауылында ауысымына 25 адамға фельдшерлік-акушерлік пунктін салу» жоспары 54 942,2 мың теңге, игерілгені 54



377,7 мың теңге немесе 98,9%. Қалған сома дөңгелектеуден. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Ұлытау ауданы Қаракенгир ауылында ауысымына 25 адамға фельдшерлік-акушерлік пунктін салу» жоспары 55 544,2 мың теңге, игерілгені 45 155,6 мың теңге немесе 81,3%. Игерілмеген қаражат – 10 388,6 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

3. «Ұлытау ауылында Тайжана көшесі 33 «А» мекенжайы бойынша ауысымына 100 адам қабылдайтын 20 төсектік аурухана мен емханасын салу» жоспары 699 865,2 мың теңге, игерілгені 99,9%. Жоба 2024-2025 жылдарға ауыспалы. Жобаны жүзеге асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым саласында – 1 жоба:

«Ұлытау ауданы Ұлытау ауылында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығы көшесі бойынша 10 бір пәтерлі үш бөлмелі коммуналдық тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылатын желілерді салу және абаттандыру» жоспары 281 225,0 мың теңге, игерілгені 246 707,3 мың теңге немесе 87,7%. Игерілмеген қаражат – 34 517,7 мың теңге. Жоба 2024-2025 жылдарға ауыспалы. Жобаны жүзеге асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.

Мәдениет саласында - 1 жоба:

«Ұлытау ауданының Қарсақпай кентіндегі мәдениет үйін күрделі жөндеу» жоспары 122 845,7 мың теңге болғанда 117 047,4 мың теңге немесе 95,2% игерілді. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша үнемдеу есебінен игерілмеген қаражат – 5 798,3 мың теңге. Іске асыру барысында 3 уақытша жұмыс орны құрылды.

Жол саласында – 4 жоба:

1. «Сарысу ауылында Уәлиханов және Сүйінбай көшелеріндегі елді мекенішілік жолдың орташа жөндеуі» жоспары 64 558,0 мың теңге, игерілгені 63 104,0 мың теңге немесе 97,7%. Жобаны жүзеге асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Борсенгір-Теректі ауылындағы 12 км автожолдың орташа жөндеуі» жоспары 230 257,0 мың теңге, игерілгені 183 908,0 мың теңге немесе 79,8%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесіндегі үнемделген қаражат – 46 349,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.

3. «Қаракенгир ауылында Ақжар және Алтынорда көшелеріндегі елді мекенішілік жолдың орташа жөндеуі» жоспары 63 969,0 мың теңге, игерілгені 63 781,0 мың теңге немесе 99,7%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесіндегі үнемделген қаражат – 188,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

4. «Карсақпай кентіндегі И.В.Деев көшесі бойынша автожолдың орташа жөндеуі, Карсақпай кентінен теміржол вокзалына дейінгі автожолдың орташа жөндеуі» жоспары 209 976,0 мың теңге, игерілгені 193 274,0 мың теңге

немесе 92%. Мемлекеттік сатып алу нәтижесіндегі үнемделген қаражат – 16 702,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған

2024 жылы жалғасып жатқан 3 жобаны іске асыруға 1 672 760,0 мың теңге сомасында және жолдарды орташа жөндеуге 5 жаңа жобаға қаражат бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша 1 533 613,4 мың теңге немесе 91,7% сомасында қаражат игерілді. 8 жобаны іске асыру барысында 44 уақытша жұмыс орны құрылды.

Денсаулық сақтау саласында – 2023 жылдан ауысып келе жатқан 1 жоба:

«Ұлытау ауданы Ұлытау ауылында Тайжан 33 «А» көшесі бойынша 100 адам қабылдайтын поликлиникесі бар 20 төсек-орынды ауылдық аурухананың құрылыс жұмыстары» жоспары 997 042,0 мың теңге, игерілгені 996 885,3 мың теңге немесе 99,9%. Жобаны жүзеге асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым саласында – 2023 жылдан ауысып келе жатқан 1 жоба:

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл көшесі, Ұлытау ауылы, Ұлытау ауданы бойынша 10 бірқабатты үш бөлмелі коммуналдық тұрғын үйдің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына қосымша желілерді салу және абаттандыру» жоспары 186 555,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны жүзеге асыру барысында 22 уақытша жұмыс орны құрылған.

Жол саласы бойынша – 6 жоба, олардың бірі 2023 жылдан ауысып келе жатқан жоба:

1. «Қарсақпай кентінен теміржол вокзалына дейінгі автомобиль жолын орташа жөндеу, Қарсақпай кенті» жоспары 56 543,0 мың теңге, игерілгені 45 793,0 мың теңге немесе 81%. Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемделген қаражат – 10 750,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 2 уақытша жұмыс орны құрылған.

2. «Ұлытау ауылындағы асфальтбетон жабындысы бар ішкі ауыл жолдарын орташа жөндеу» жоспары 115 384,0 мың теңге, игерілгені 93 311,1 мың теңге немесе 80,9%. Игерілмеген қаражат – 22 072,9 мың теңге, оның ішінде мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемделгені – 6 494,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылған.

3. «Қаракенгир ауылындағы Аманат және Жеруық көшелерінің ішкі ауыл жолдарын орташа жөндеу, Ұлытау ауданы» жоспары 79 106,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны жүзеге асыру барысында 1 уақытша жұмыс орны құрылған.

4. «Жезды кентіндегі Сансызбай, Көкбулак, Есентоғай, Тоқтыбай көшелерінің ішкі ауыл жолдарын орташа жөндеу» жоспары 74 978,0 мың теңге, игерілгені 100%. Жобаны жүзеге асыру барысында 11 уақытша жұмыс орны құрылған.

5. «Қарсақпай кентіндегі Жосалы және Байтасова көшелерінің автомобиль жолын орташа жөндеу» жоспары 64 992,0 мың теңге, игерілгені 55 985,0 мың теңге немесе 86,1%. Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемделген қаражат – 9 007,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында жұмыс орындары құрылмаған.

6. «Ұлытау ауданы Жыланды ауылындағы 5 көшенің ішкі ауыл жолдарын орташа жөндеу» жоспары 98 160,0 мың теңге, игерілгені 1 000,0 мың теңге немесе 1%. Игерілмеген қаражат – 97 160,0 мың теңге. Жобаны жүзеге асыру барысында 3 уақытша жұмыс орны құрылған.

2025 жылы ауыспалы 3 жобаны және 4 жаңа жобаны іске асыруға 2 603 890,0 мың теңге сомасында қаражат бөлінді. 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 845 310,4 мың теңге немесе 32,5% сомасында қаражат игерілді. 7 жобаны іске асыру барысында 56 уақытша жұмыс орны құрылды.

Денсаулық сақтау саласында - 2023 жылдан бастап 1 ауыспалы жоба:

1. "Тайжан көшесі, Ұлытау ауылы, Ұлытау ауданы, 33" А" көшесі бойынша ауысымда 100 адам қабылдайтын емханасы бар 20 төсектік ауылдық аурухана салу" жоспары 1 148 985,0 мың теңге, 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 75 474,0 мың теңге немесе 6,6% игерілді. Іске асыру барысында 4 уақытша жұмыс орны құрылды.

